

"Ойыл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 13 маусымдағы № 107 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 шілдеде № 5602 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 маусымдағы № 408 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 12.06.2020 № 408 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы " Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 30 бабының 4 тармағына сәйкес Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қоса беріліп отырган "Ойыл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік куәлігін беру Қағидалары және оның сипаттамасы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы:

С. Туремуратов

Аудандық мәслихат хатшысы:

Б. Бисекенов

2017 жылғы 13 маусымдағы № 107 Ойыл

ауданды маслихатының шешімімен

бекітілген

"Ойыл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік куәлігін беру Қағидалары және оның сипаттамасы 1. Жалпы ережелер

1. Осы "Ойыл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік куәлігін беру Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Ойыл аудандық мәслихаты аппаратының (бұдан әрі – аппарат) мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлігін беру тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік күелігі (бұдан әрі – қызметтік күелік) оның мемлекеттік лауазымы мен лауазымдық өкілеттіктерін растайтын құжат болып табылады.

3. Тиісінше ресімделмеген, жарамдылық мерзімі өткен, түзетілген және тазартылған күелік жарамсыз болып саналады.

2. Қызметтік күелікті беру тәртібі

4. Қызметтік күелік Ойыл аудандық мәслихаты хатшысының (бұдан әрі – мәслихат хатшысы) қолы қойылып беріледі.

5. Қызметтік күелік мемлекеттік қызметшіге лауазымға тағайындалған, лауазымы ауысқан, жоғалған, сондай-ақ бұған дейін берілген күелік бүлінген жағдайда беріледі.

Мемлекеттік қызметші қызметтік күелікті алу барысында осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша аппараттың мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік күелікті беруді есепке алу журналына қол қояды (бұдан әрі – есепке алу журналы).

6. Қызметтік күеліктер және есепке алу журналы аппараттың кадр жұмысына жауапты қызметкердің сейфінде сакталады.

7. Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған мемлекеттік қызметшіге қызметтік күелікті тапсырған кезде пайдалану және оны сақтау тәртібі бойынша түсіндіру жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген жағдайларда, қызметтік күелікті ауыстыру кезінде, қызметтік күелікті беруге жауапты, кадр жұмысына жауапты қызметкер бұрын берілген қызметтік күелікті қайтарып алады.

3. Қызметтік күеліктің сипаттамасы

8. Қызметтік күеліктің мұқабасы көлемі 19 x 6,5 сантиметр (ашып көрсетілген түрінде), күрең қызыл түсті экобылғарыдан немесе жоғары сапалы жасанды былғарыдан тұрады.

9. Күеліктің сыртқы бетінің ортасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының алтын түсті бейнесі орналасқан, төменінде типографиялық қаріппен "КУӘЛІК" және "УДОСТОВЕРЕНИЕ" деген жазулар жазылған.

10. Күеліктің ішкі жағында ақ түс аясында шеңберде орналасқан күн мен қалықтаған қыранның жасырын формасын қолдана отырып көгілдір түсті қорғаныштық тангир бейнеленген. Жоғарғы бөлігінде "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", "РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН" деген жазулар, одан төмен

мәтіннен қызыл түсті үзік жолақпен бөлектелген "ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ", "АППАРАТ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА" деген жазулар орналастырылған.

11. Сол жағында: көлемі 3 x 4 сантиметр фотосурет (қарсы алдынан түсірілген, түрлі-түсті), жанында қызметтік күәліктің нөмірі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, атқаратын лауазымы көрсетіледі. Мәтін мемлекеттік тілде басылады, мәслихат хатшысының қолымен және елтаңбалы мөрмен расталады.

12. Оң жағында: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі, елтаңбаның төменгі жағында көгілдір жасыл түсті "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу, жанында қызметтік күәліктің нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), атқаратын лауазымы көрсетіледі. Мәтін орыс тілінде басылады. Одан төмен мемлекеттік және орыс тілдерінде күәліктің жарамдылық мерзімі көрсетіледі.

4. Қорытынды ережелер

13. Кадр жұмысына жауапты қызметкер жыл сайын, 1 қаңтардағы жағдай бойынша, қызметтік күәліктердің есептік деректерге сәйкестігіне салыстырып тексеру жүргізеді.

14. Қызметтік күәліктерді толтыру, ресімдеу, есепке алу, беру, сақтау және жою тәртібін жалпы бақылауды аудандық мәслихат аппаратының басшысы жүзеге асырады.

15. Қызметтік күәлік жоғалған немесе бүлінген жағдайда, оның иесі дереу кадр жұмысына жауапты қызметкерге жазбаша (еркін) нысанда хабарлайды, бұқаралық ақпарат құралдарына хабарландыру береді.

16. Қызметтік күәлікті жоғалтудың, бүлдірудің, сондай-ақ оны басқа адамдарға берудің немесе мақсатқа сай емес пайдаланудың әрбір фактісі бойынша кадр жұмысына жауапты қызметкер қызметтік тексеру өткізу туралы өкім шыққан күннен бастап он жұмыс күн ішінде қызметтік тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша аппараттың тәртіптік комиссиясы кінәлі тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қарайды.

17. Жоғалған қызметтік күәліктер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарамсыз деп жарияланады, бұл туралы кадр жұмысына жауапты қызметкер хабардар етіледі. Жоғалғаның орнына жаңа қызметтік күәлікті қызметтік тексеру жүргізілгеннен кейін кадр жұмысына жауапты қызметкер береді.

18. Жұмыстан босатылған кезде мемлекеттік қызметші қызметтік күәлікті кадр жұмысына жауапты қызметкерге тапсырады.

Күәлікті тапсырған кезде кету парағына қызметтік күәлікті беру үшін жауапты тұлғаның қолы қойылады.

19. Мемлекеттік қызметшілер жұмыстан босатылғанда, не бүлінген кезде тапсырылған қызметтік куәліктер еркін нысандағы тиісті жою туралы акт жасала отырып, бір жылда бір рет жойылуға жатады.

"Ойыл аудандық мәслихатының аппараты"
мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік
қызыметшілеріне қызметтік куәлігін беру
Қағидаларына және оның сипаттамасына
қосымша
Нысан

**"Ойыл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің
мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік куәлігін беруді есепке алу
журналы**

№	Кызметтік куәліктің нөмірі	Тегі, аты, жөні (бар болған жағдайда)	Атқаратын лауазымы	Берілген күні	Алынғаны жөнінде жеке колы	Кызметтік куәлікті ауыстыруы және тапсырғаны, тағайындалуы, лауазымының өзгеруі, мерзімінің өтуі, жұмыстан босатылуы, жоғалуы туралы белгі)	Кызметтік куәлікті жою (актінің нөмері мен күні)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе: Ойыл аудандық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік куәліктерін беруді есепке алу журналы тігіліп, нөмірленіп және кадр қызметі қызметкерінің қолымен және елтаңбалы мөрмен расталады.